

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі орталық аппаратының құрылымы туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 27 желтоқсан N 1656.
Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1997.04.18. N 589 қаулысымен. ~Р970589

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі орталық аппаратының құрылымы 1-қосымшаға сәйкес осы аппарат қызметкерлері шекті санының негізінде 186 адам болып бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігіне министрдің 5 орынбасарын, оның ішінде бір бірінші орынбасар, сондай-ақ 12 адамнан тұратын алқа ұстауына рұқсат етілсін.
3. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігінің орталық аппараты үшін 9 қызметтік жеңіл автомобиль лимиті белгіленсін.
4. Мыналардың күші жойылған деп танылсын:
"Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі орталық

аппаратының құрылымы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 19 желтоқсандағы N 1801 қаулысы;

"Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігінде Мал дәрігерлігі комитетін құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 18 сәуірдегі N 472 қаулысының 5-тармағы:

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 19 желтоқсандағы N 1801 қаулысына өзгертулер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 28 маусымдағы N 808 қаулысы.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 27 желтоқсандағы
N 1656 қаулысына

ҚОСЫМША

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы
министрлігі орталық аппаратының
құрылымы

Басшылық

Экономикалық реформалар және қаржыландыру бас басқармасы

Ауыл шаруашылығы өнімі өндірісі технологиясының бас басқармасы

Техникалық саясат, сервис және ғылыми қамтамасыз ету басқармасы

Мал дәрігерлігі комитеті (заңды тұлға құқығында)

Орман және аң шаруашылығы бас басқармасы (заңды тұлға құқығында)

Ауыл шаруашылығы өнімінің маркетингі және сапасы басқармасы

Халықаралық ынтымақтастық басқармасы

Балық шаруашылығы басқармасы

Бақылау және ұйымдастыру-атқарушылықпен қамтамасыз ету
басқармасы

Кадр және жұмылдыру жұмысы бөлімі

Құқықтық жұмыс бөлімі

Әкімшілік-шаруашылық бөлімі